

2014 жылы әскерге шақыру учаскесіне азаматтарды тіркеу туралы

Қарағанды облысы Шахтинск қаласы әкімінің 2013 жылғы 18 желтоқсандағы № 1 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 қаңтарда № 2526 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңдарына сәйкес, **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2014 жылдың қаңтарынан наурызына дейін тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Шахтинск қаласы әкімінің орынбасары Н.Б. Рыстин осы шешімнің 1 тармағында көрсетілген азаматтарды тіркеуге алуды ұйымдастыру және оны жүргізу мәселесі жөнінде үйлестіру кеңесін өткізсін.

3. Осы шешімнің 1 тармағында көрсетілген азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеуге алуды өткізу қорытындысы туралы ақпарат 2014 жылдың 7 сәуіріне дейінгі мерзімде ұсынылсын.

4. Осы шешімінің орындалуын бақылау Шахтинск қаласы әкімінің орынбасары Н.Б. Рыстинге жүктелсін.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

А. Аглиулин